

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 671 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 наурыздағы N 181 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімге Еркін сауда режимінен алып қоюлар туралы хаттама жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 671 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбындағы "хаттама жасасу" деген сөздер "хаттамаға қол қою" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтыру енгізуге рұқсат бере отырып, 1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімге Еркін сауда режимінен алып қоюлар туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін".

2. Осы қаулы қол қойылған күніне бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*